

Ақсуат аудандық қоғамдық кеңесінің хаттамасы

№ 8

Ақсуат аудандық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы 2023 жылы 20 ақпанды болып өтті. Жиналысқа 11 қоғамдық кеңес мүшесінің 10 –ны қатынасты. Шақырумен аудандық білім бөлімі мекемесінің міндетін атқарушы А.Ш.Қыдырмодин, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Т.Ә.Ақанжанов, Қожакелді батыр атындағы орта мектеп директоры Е.Абсалямов қатысып отырды.

Күн тәртібіндегі төмендегі мәселелер қаралды:

1. Ақсуат ауданы бойынша конкурсқа шығарылатын жер телімдерінің тізімін бекітуге келісім беру туралы.

Хабарламашы – аудандық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Б.Сербатыров.

2. Ақсуат ауданы «Ақсуат ауданы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылы атқарған жұмыстарының есебі;

Хабарламашы - мекеме басшысы Жанат Данияр Жанатұлы.

3. Ақсуат ауданы «Ақсуат ауданы жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылы атқарған жұмыстарының есебі;

Хабарламашы - мекеме басшысы Сәрсембаева Лаура Сапарғалиқызы.

4. Облыстық білім басқармасы, Ақсуат ауданының «Психологиялық және педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылы атқарған жұмыстары туралы.

Хабарламашы - мекеме басшысы Жақиянова Әсел Мұратқызы.

5. «Қожакелді батыр атындағы орта мектебі» жанындағы бюджеттік интернатта тәрбиеленушілердің білім алуына, тамақтануына, сабактан тыс демалуына, жатын орындарының, жеке гигиеналарының талапқа сай жасалған жағдайлары және оқу тәрбие мен әкімшілік шаруашылық жұмыстарына жалпы басшылық жасауда интернат менгерушісі Фабит Әділханұлының атқарған жұмыстары туралы есебі.

Күн тәртібіндегі **бірінші мәселе** бойынша ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Б.Сербатыров хабарлама жасады.

Сұрақ- Е.Жұмаханов қоғамдық кеңес төрағасы.

Сіз мына ауылдар бойынша конкурсқа қойылатын жерлерді ең бірінші, ауылдағы қоғамдастық мүшелерімен келісіп барып бізге ұсынып отырсыз ба әлде бірден келісім алуға әкеліп отырсыз ба ?

Б.Сербатыров - Жоқ бірден осында әкеліп отырмын.

Е.Жұмаханов - Олай болса ұсынысыңыз кейінге қалдырылады, себебі ең бірінші ауылдық қауымдастықтың келісім хаттамасын тапсырыңыз.
Осылмен күн тәртібіндегі мәселе аяқталды.

Күн тәртібіндегі **екінші мәселе** бойынша мекеме басшысы Д.Жанат хабарлама жасады.

1. Сұрақ – Е. Жұмаханов.

Мемлекеттік қызметтің сапасы қандай, қандай өзгерістер бар, қандай қыындықтар бар?

2. Сұрақ- Б.Қабышев қоғамдық кеңес мүшесі.

1- топтағы мүгедектерге көмекші тағайындала ма, ондай қанша адам бар, көмекшіні кім тағайындейды?

3. Сұрақ- А.Бұланбаев қоғамдық кеңес мүшесі.

Сіздедің мекемелеріңіз бар екенін қайсыбір адамдар білмейді. Қарғыбада екі адам мүгедек, біреуі қайтыс болды, осыларға ешқандай көмек болмады.

Сұрақтарға жауап берілді.

Жарыс сөз.

Е.Жұмақанов – Зайсан жастары деген бір қамқоршыл мекеме бар, олар да осы Ақсуаттағы бірқатар адамдарды қамқорлыққа алған. Олар өз бетімен жұмыс жасайды. Елдер бала-шағасы бар немесе көмекке зәру емес адамдар қамқорлыққа алынған дейді. Оны тексеріп бірқатар түзетулер жасапсындар. Келешекте осы мәселеге қатал қараша көрек болар.

С.Серіков – қоғамдық кеңес мүшесі.

Жалпы ауылдарда да сіздердің адамдарыңыз жұмыс жасайды. Солардың жұмысын қалай бақылайсыздар, тексеру қалай жүргізіледі, қайсыбір нағыз көмекке зәру адамдар қамтылмай қалып жатуы мүмкін ғой. Сондықтан келешекте нақты көмек қажет ететін адамдар қамтылуы көрек деген ойдамын.

Күн тәртібіндегі **үшінші мәселе** бойынша мекеме басшысы Л.Сапарғалиева хабарлама жасады.

1. Сұрақ- Ерғали Жұмахан.

Аудандағы мүгедек балалар толық қамтылып отыр ма, ауылдардан қамтылды ма?

2. Сұрақ- С. Жәлелбеков қоғамдық кеңес мүшесі.

Тана мырзадан келетін бала өзі келе ме, сіздер алғызасыздар ма?

Сұрақтарға жауаптар берілді.

Жарыс сөз.

1. А.Ә. Аққазин - қоғамдық кеңес мүшесі, аудан әкімінің орынбасары.

Бұл мәселе бүгінде өте өзекті мәселе болып отыр, ауылдардан бала қамтылмай отыр, себебі орын тар. Аудан әкімі келешекте осы мәселені шешіп, 20 жасқа дейінгі балаларды қамтысақ деген ойы бар, ол үшін мекемені үлкейту мәселесін қолға алуымыз қажет, осыған орай қазір жұмыстар істеліп жатыр. Жалпы жұмыс бар, бар мүгедек балалармен

істелген жұмыстың нәтижесі жақсы, ол үшін мекеме басшылығына ешқандай ренішіміз жоқ.

2. Қабышев –қоғамдық кеңес мүшесі.

Біз мекеме жұмысымен толық таныстырық. Мекеменің жұмысы өте ауыр, мекеме тар болғанымен іші таза, балаларға толық жағдай жасалған, күтім бар, жоспарлы жұмыс бар. Біз жұмысына қанағаттандық, шынында да келешекте кең орын болса болар еді.

Күн тәртібіндегі **төртінші мәселе** бойынша мекеме басшысы Ә.Жақиянова хабарлама жасады.

1. Сұрақ - Е. Тоқтабаев қоғамдық кеңес мүшесі.

Сіздерде логопед маманы жоқ екен, оның қызметін кім атқарады?

2. Сұрақ - Б. Қабышев.

Қызметкерлердің еңбек ақысы қанша, неше бала кезекте тұр?

3. Сұрақ- А. Бұланбаев.

Логопед мамандығына сұраныс жасадыныздар ма? Көші-қонмен оңтүстік өңірден келген 8 адамның ішінде мамандар болды ғой, олар қайда кетті?

4. Сұрақ- Е. Жұмаханов.

Өзіміздің адамдарды неге оқытпаймыз?

Жарыс сөз.

Қ.Ильясов - қоғамдық кеңес мүшесі.

Жалпы хабарлама жақсы жасалды, жұмыс бар, шынында да мамандар келгенімен үй жәй мәселесі шешілмей қалады. Сондықтан өз ауданымызда тұратын мамандарды оқытып алуымыз керек. 16 бала кезекте тұр деген сөз бұл мүгедек балалардың көп екенін көрсетеді. Ал біз қоғам болып осы мәселені қатты назарда ұстағанымыз жөн. Олар көмекке зәру болып отыр, ата- аналары оларға маман емес көмек бере алмайды, бірақ баламыз жазылып кете ме деген үміттері бар, соны сөндіріп алмауымыз қажет.

Күн тәртібіндегі **бесінші мәселе** бойынша Қожакелді батыр атындағы орта мектеп жанындағы мектеп интернаттың менгерушісі Ғабит Әділханұлы хабарлама жасады.

1. сұрақ - А.Бұланбаев.

Зейнет жасына келген неше адам бар?

2. сұрақ - Е.Жұмаханов.

Интернатта балаларға ешқандай жағдай жасалмаған, сіз немен айналысасыз?

3. сұрақ - С.Серіков.

Интернат менгерушісінің міндетін білесіз бе?

Сұрақтарға жауап берілді.

Жарыс сөз

1. Е.Жұмаханов - Бұл мекеменің жұмысын тексеруге қоғамдық кеңес мүшелері екі рет барды. Мектеп директоры Е. Абсалямов мырзамен ешқандай қатынас алған жоқпын деп бір қайтарды, бұл Заңға мұлдем қайшы нәрсе. Жалпы мектеп интернатта балаларға бүгінгі күнде барған сарапшылар

оку тәрбие жұмысында өте көп кемшіліктер орын алған деген қорытындыға келді. Ол комиссия төрағасы С.Жәлелбековтың дайындаған анықтамасында көрсетілген. Жалпы мектеп интернаттың балалары, тәрбиеленушілері бүгінгі білім саласында болып жатқан жаңалықтардың көбінен тысқары қалған. Мектеп интернаттың менгерушісі өзінің міндетін білмейді. Завхоздың деңгейінде ғана қалған. Сондықтан да оку білім бөлімінің басшысы, мектеп директорына интернат мәселесін қайта қарауға бір ай мерзім беріледі. Алдымен 10 күн ішінде мектеп интернаттың менгерушісіне қандай тәртіптік шара қолданғаны жөнінде ауызша тапсырма беріледі. Орындалмаған жағдайда жазбаша беру қоғамдық кеңес хатшысы А.Иманғалиеваға міндеттеледі.

2. С.Жәлелбеков – Біз комиссия мүшелері, қоғамдық кеңес мүшелері мектеп жанындағы интернаттың мәселесін толық зерттеп, қарап шықтық. Интернаттың балалар жататын жері де, сабак қарайтын жері де сұық. Қажетті жиһаздармен толық қамтамасыз етілмеген. Балалардың еңбек сабағын өткізетін техникалық құралдары, тігін машинкалары подвалға түсірілген. Балалар жуынатын бөлме жоқ. Туалет біреу-ақ. Интернат тәрбиешілердің жасаған тәрбие жұмыстары бүгінгі күннің талабына сай емес. Ескі сарында жасалған. Көрнекіліктер жоқ. Қырыққа жуық бала тәрбиеленіп жатыр. Отыздан артық адам жұмыс жасайды. Баланың саны мен қызмет көрсетушілердің саны бірдейге жуық. Интернат менгерушісінің жұмысы қанағаттанғысыз.

Қоғамдық Кеңес төмендегідей шешім қабылдады:

- 1) Күн тәртібіндегі 1, 2, 3, 4 мәселер бойынша хабарламалар еске алынын.
- 2) 5 мәселе бойынша Қожакелді батыр атындағы орта мектебі жанындағы мектеп интернаттың менгерушісі Фабит Әділханұлының жұмысын қанағаттанғысыз деп танып, мектеп директоры Е.Абсалямовтан тәртіптік шара қолдану сұралсын.

Аудандық қоғамдық кеңестің хатшысы



А.Иманғалиева